

**10-Дәріс. Әлемдегі көші-қон
процестерінің қазіргі жағдайын
анықтау және халық қозғалысының
негізгі факторлары**

«Көші-қон» сөзі латын тілінің түбіріне ие (migratio) және ол қоныс аудару, көшу деген мағынаны білдіреді [1, 160 б.]. Ғылыми ортада бұл ұғым мазмұнына қатысты нақты көзқарас жоқ екенін айта өту керек.

Көші-қон – бұл халықаралық шекара арқылы немесе ел ішінде қоныс аудару процесі, қандай да себеп болмасын кез келген қозғалыстың түрін қамтиды.

Көші-қон бүкіл әлемде адамдардың қоныстануына әкелді. Мыңдаған жылдар бойы адамдар бір территориядан екіншісіне, бір континенттен екіншісіне қоныс аударды. Қазіргі уақытта әлемнің бейнесі осы көші-қон процестерінің нәтижелерін көрсетеді

Зерттеудің өзектілігі.

XX ғасырда халықтың көші-қон процесі кең ауқымға жетті. Біріккен Ұлттар Ұйымының экономикалық және әлеуметтік мәселелер департаментінің халық бөлімі қазіргі уақытта әлемде 7,7 миллиард адам тұрады деп есептейді.

БҰҰ болжауына сәйкес, 2050 жылға қарай әлем халқының саны 2 миллиардқа ұлғаяды — яғни 7,7 миллиардтан 9,7 миллиардқа дейін, ал ғасыр соңында, туу деңгейінің төмендеуіне қарамастан 11 миллиардқа жуық адамды құрайтын шыңға жетеді

2050 жалға қарай жаһандық халық санының өсуінің жартысы келесі тоғыз елдің үлесіне тиесілі болмақ деп күтілуде:

Үндістан

Нигерия

Пәкістан

Конго
Демократиялық Республикасы

Эфиопия

Танзания

Индонезия

Египет

АҚШ

Халықтың көші-қоны туралы Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 22 шілдедегі № 477-IV Заңы.

- 1) көші-қон – жеке тұлғалардың бір мемлекеттен екінші мемлекетке, сондай-ақ мемлекет ішінде тұрақты немесе уақытша, ерікті түрде немесе мәжбүрлі түрде қоныс аударуы;
- 2) көшіп-қонушы – себебі мен ұзақтығына қарамастан, Қазақстан Республикасына келген және Қазақстан Республикасынан кеткен, сондай-ақ Қазақстан Республикасының ішінде қоныс аударушы адам;
- 3) қабылдаушы тұлға – көшіп келушілерді Қазақстан Республикасына уақытша тұру үшін шақыру туралы өтінішхат беретін және (немесе) олардың тұруына орын беретін Қазақстан Республикасының азаматы, Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын шетелдік пен азаматтығы жоқ адам немесе Қазақстан Республикасында тіркелген заңды тұлға;
- 4) Қазақстан Республикасының шет елдегі мекемелері – Қазақстан Республикасының шет елде орналасқан дипломатиялық және оларға теңестірілген өкілдіктері, сондай-ақ консулдық мекемелері;
- 5) қоныс аударушы – Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған өңірлерге қоныс аударған ішкі көшіп-қонушы;
- 6) реадмиссия – шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдардың келу, кету, болу немесе тұру мәселелері бойынша заңнаманы бұза отырып, бір мемлекеттің аумағына келген немесе онда жүрген адамдарды Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шартқа сәйкес бір мемлекеттің құзыретті органдарының беруі (қайтаруы) және екінші мемлекеттің құзыретті органдарының қабылдауы;
- 7) ішкі көші-қон – жеке тұлғалардың Қазақстан Республикасының ішінде тұрақты немесе уақытша тұру мақсатында қоныс аударуы;
- 8) ішкі көшіп-қонушы – тұрақты немесе уақытша тұру мақсатында Қазақстан Республикасының ішінде өз бетінше қоныс аударушы ада

Көші-қон туралы зерттеген ғалымдар.

Эрнст Георг Равенштайн	«The laws of migration» («Көші-қон заңдары») тақырыбындағы мақаласы шықты, бұл халық көші-қонының батыстық зерттеушілеріне бастама болды. Автор мақалада өзінің мигранттардың классификациясын келтіреді: жергілікті (локальды) мигрант қала ішінде немесе әкімшілік аудан ішінде өзінің тұрақты жерін ауыстырады. Қысқа қашықтықта қоныс аударатын мигранттар деген анықтама берді
Самуэль Стоффер	Оның мақаласы 1940 ж. American Sociological Reviewда жарық көрді: «Аралық мүмкіндіктер: қозғалмалылық және қашықтық өзара әрекеттесу теориясы» (Intervening opportunities: a theory relating mobility and distance).
Дж.Кингсли Зипф	Дж.Кингсли Зипф Равенштайн заңдарына сүйене отырып, 1946 ж. American Sociological Review журналында қалалар арасындағы көші-қонға қашықтықтың әсері зерттелген «The (P1 P2/D) Hypothesis: On the Intercity Movement of Persons» жұмысын жариялады.
Эферетт С.Ли	1966 ж. «Көшіқон теориясы» («A theory of migration») мақаласында ол миграциялық факторларға көңіл бөліп, Равенштайнның теориясын қайта тұжырымдады. Ли мигрантқа әсер ететін он және теріс факторлардың екі тобы әрқашан келу және кету орнымен байланысты екенін атап өтті (мысалы, туыстарының жанында тұруға ұмтылу, көшу кезінде кездесетін қиындықтар)
Уильям Артур Льюис	Нобель сыйлығының лауреаты және ауылдық және қалалық секторларды бөлуді көздейтін екі секторлы экономикалық модельдің авторы, қарастырылып отырған тақырып аясында атап өтуге тұрарлық. Модель әсіресе үшінші әлем елдеріндегі өндіріс пен жұмыспен қамтудың өсуі аясында ауылдық жерлерден қала маңына көшуге бағытталған.

Көші-қон туралы зерттеген ғалымдар.

Джон Харрис пен Майкл Тодаро	Көші-қон мәселесін бірінші орынға қойды. Оның жұмысы 1970 жылы американдық экономикалық шолуда «көші-қон, жұмыссыздық және даму: екі секторды талдау» («көші-қон, жұмыссыздық және даму: екі секторды талдау») атты мақаласында жарияланды.
Вильбур Зелински	Оның көші-қонды өту (мобильді) тұжырымы (демографиялық өтуге ұқсайды) 1971 жылы Америка географиялық қоғамының «Географиялық шолу» (Geographical review) журналында жарияланды. Автор жеке мобильділіктің өсуінде уақыт пен кеңістікте айқын құрылымдық заңдылықтар бар екенін және бұл заңдылықтар жаңғырту процесінің құрамдас бөлігі болып табылады
Д. Массей	1990 жылдары американдық әлеуметтанушы Д. Массей халықаралық көші-қонның синтетикалық теориясы пайда болған алдыңғы тәжірибелерді жинақтайтын халықаралық көші-қон теориясын жасады. Массей үшін көші-қон саяси, экономикалық, әлеуметтік өмірде кең интеграциялық үрдістердің, экономикалық өсудің салдары. Бұл теорияға сәйкесінше халықаралық ағында алға ұмтылу факторларға қарағанда жаюшы факторлар көбірек. Өз зерттеулерінің аясында ғалым табыстағы айырмашылық көші-қонды тудырушы негізгі фактор емес екенін дәлелдеп, анықтады. Басқа да жаһандану саласының мамандары секілді Массей отанмен, диаспорамен қарым-қатынасқа және ақша аударымдарына жауап беретін мигранттар құрған инфрақұрылымға (network) назар аударады

Жіктеу сипаттамасына келетін болсақ, көшіқон қозғалысының себептері экономикалық, саяси, экологиялық, рекреациялық, туыстық, этникалық және т.б. болуы мүмкін.

- ❖ **Саяси көші-қонның себептері** соғыс, революция және қарулы қақтығыстар, саяси депортация және т.б.
- ❖ **Экономикалық көшіқонның** себептері өмір сүру деңгейінің төмендігі, ақша табуға және жоғары жағдайда өмір сүруге деген ұмтылыс және т. б. болуы мүмкін. Еңбек көші-қоны келу елінде мигранттың жұмыс күшін «сатады» (көбінесе мигрант жұмыс істеуге келген елде қалады).
- ❖ **Еңбек көші** - қонының тағы бір біліктілігі-біліктілігі төмен және жоғары білікті жұмыс күшінің көші-қоны.
- ❖ Көші-қон терминінің тағы бір түрі – бұл әлемнің жеке аймақтардағы қоршаған ортаның апатты жағдайынан (су тасқыны, шөлейттену, антропогендік экологиялық апаттар — аумақтың радиациялық ластануы және т.б.) туындайтын экологиялық миграция.
- ❖ **Туыстық көші-қон** — бұл отбасылық себептерге байланысты пайда болған көшіқон, отбасын біріктірумен байланысты.
- ❖ **Рекреациялық көші-қон** — бұл демалыс немесе туризм мақсатындағы аумақтық қозғалыс.
- ❖ **Этникалық көші-қон** — бұл жекеленген халықтардың, этникалық топтардың аумақтық қозғалысы: өз тарихи отандарына көшуі (немістердің ГФРге, еврейлердің Израильге), сондай-ақ қоныстанған мекендеріне көшіру (қырым татарлары, КСРО кезіндегі шешен халқы және т.т.с.).

Халықаралық мигранттар саны:

- БҰҰ мәліметтері бойынша, 2020 жылы халықаралық мигранттардың саны шамамен 281 миллионға жетті, бұл әлем халқының шамамен 3.6% құрайды.
- Аймақтық таралуы:
- Халықаралық мигранттардың көпшілігі Еуропа (ең үлкен еңбек нарығы), Солтүстік Америка және Азия сияқты аймақтарда кездеседі.
- Еуропада шамамен 87 миллион мигрант тұрады, бұл аймақ халқының шамамен 10% құрайды.
- Босқындар мен мәжбүрлі мигранттар:
- UNHCR (**United Nations High Commissioner for Refugees**) мәліметтері бойынша, 2022 жылы 32 миллионнан астам босқын және 50 миллионға жуық ішкі қоныс аударушылар тіркелген.
- Жұмыс көші-қоны:
- Жұмысшы мигранттар халықаралық мигранттардың едәуір бөлігін құрайды. Мысалы, 2020 жылы 164 миллионнан астам адам шетелде жұмыс істеді.
- Босқындар санының көбеюі: қақтығыстар мен климаттың өзгеруі босқындар санының өсуіне ықпал етеді.

Қазақстандағы көші-қон процесі

Қазақстандағы көші-қон масштабының күрт өсуі экономикалық және әлеуметтік тұрғыдан аймақтардың дифференцияланатындығын көрсетеді. Соңғы үш санақ мәліметтері негізінде Қазақстан аймақтарын шартты түрде «рецепиент аймақтар» (1-кесте) және «донор аймақтар» (2-кесте) деп бөлуге болады: 1 және 2-кестелердегі көрсеткіштер республикада көші-қон ағындары бағытталған ел астанасы Нұр-Сұлтан, республикалық маңызы бар Алматы, Шымкент қалалары, Оңтүстік Қазақстан және Батыс Қазақстан сияқты реципиент аймақтар бар екендігін көрсетеді, ал Солтүстік Қазақстан, Орталық және Шығыс Қазақстан аймақтарын көші-қон донорлары деп санауға болады.

Аймақ	Халық саны, жыл басына		
	1999 жыл	2009 жыл	2021 жыл
Ақмола облысы	827 254	737 495	735 566
Батыс-Қазақстан облысы	616 800	598 880	661 316
Қарағанды облысы	1 410 218	1 341 700	1 375 938
Қостанай облысы	1 017 108	885 570	864 550
Павлодар облысы	806 983	742 475	751 012
Шығыс-Қазақстан облысы	1 531 024	1 396 593	1 363 797
Солтүстік Қазақстан	752 980	596 535	543 735

1-кесте – Халық саны өскен аймақтар (адам)

Аймақ	Халық саны, жыл басына		
	1999 жыл	2009 жыл	2021 жыл
Алматы облысы	1 557 269	1 807 894	2 077 967
Жамбыл облысы	988 840	1 022 129	1 139 192
Қызылорда облысы	596 215	678 794	814 588
Түркістан облысы	1 978 339	2 469 357	2 044 742
Ақтөбе облысы	682 558	757 768	894 333
Атырау облысы	440 286	510 377	657 110
Маңғыстау облысы	314 669	485 392	719 571
Алматы қаласы	1 130 621	1 365 632	1 977 258
Нұр-Сұлтан қаласы	328 341	613 006	1 184 411
Шымкент қаласы	419 271	566 996	1 074 466

Қазақстандағы көші-қон процесі бүгінгі күн тәртібінде тұрған шешімін талап ететін ең өзекті, әрі күрделі мәселенің біріне айналып отыр және бұл мәселені оңтайлы шешудің бірден бір жолы республика аймақтарын дамыту арқылы іске асырылуы керек.

2020 жылдың 1 қыркүйегінде ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына жолдауында аймақтық даму саясатына ерекше көңіл бөлінгендігі осыған дәлел. Аймақтарды дамыту урбандалу процесін басқаруға, көші-қон толқындарының кезеңділігін қамтамасыз етуге және үлкен қалаларда халықтың көптігі мен әлеуметтік шиеленістерді болдырмауға көмектеседі делінген (Тоқаев, 2020).



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІГІ
ЖОЛДАУЫ 2020
Төле би

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмалары

 СТРАТЕГИЯЛЫҚ ЖОСПАРЛАР МЕН РЕФОРМАЛАР АГЕНТТІГІ ҚҰРЫЛАДЫ	 БИЫЛ МЕМЛЕКЕТТІК АППАРАТТЫ 10 ПАЙЫЗҒА ҚЫСҚARTУ БОЛАДЫ
 ЖЕР ШЕТЕЛДІКТЕРГЕ САТЫЛМАЙДЫ	 ПАНДЕМИЯМЕН КҮРЕС ЖӨНІНДЕГІ КЕШЕНДІ БАҒДАРЛАМА ӘЗІРЛЕНЕДІ
 АӨК-ТІ ДАМУ ТҮРІНДЕ ЖАҢА ҰЛТТЫҚ БАҒДАРЛАМА ӘЗІРЛЕНЕДІ	 МУҒАЛІМДЕРДІҢ ЖАЛАҚЫСЫ 25%-ҒА ДЕЙІН ӨСЕДІ
 ҚОҒАМДЫҚ БАҚЫЛАУ ТУРАЛЫ ЗАҢ ҚАБЫЛДАУДЫ ТАПСЫРДЫ	 ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙЛАР МИНИСТРЛІГІН ҚАЙТА ҚҰРУДЫ ТАПСЫРДЫ
 «БӘЙТЕРЕК» ЖӘНЕ «ҚАЗАГРО» ХОЛДИНГТЕРІ БІРІКТІРЕДІ	 СПОРТ КЛУБТАРЫН ҚАРЖЫЛАНДЫРУ ТОҚТАТЫЛАДЫ
 САЛЫҚТАР МЕН ТӨЛЕМДЕРДІҢ САНЫН АЗАЙТУДЫ ТАПСЫРДЫ	 «АҢСАҒАН СӘБИ» ЖОБАСЫН БАСТАУДЫ ТАПСЫРДЫ

Жолдау – 2020

BAQ-KZ

Қазақстан жағдайындағы көші-қонның ең ауыр мәселелерінің бірі – **эмиграция**. Қазақстанда эмигранттар саны жыл сайын артып келеді. ҚР СЖРА ҰСБ мәліметінше соңғы он жылда 366 мыңнан астам адам елден кеткен.



Көпшілігі еңбекке қабілетті, білімді, біліктілігі мен капиталы бар республика азаматтары. Мысалы, 2019 жылы Қазақстаннан 45,2 мың адам кеткен. Эмигранттардың басым көпшілігі 16 мен 62 жас аралығындағы (70%) қала тұрғындары (84%), жоғары және арнайы білімі барлары (70%). Олардың ішінде техникалық кәсіптер бойынша мамандар (7,1 мыңнан астам), экономикалық (3,7 мың) және педагогикалық (2,3 мың) білімі бар азаматтар, сонымен қатар, заңгерлік, медицина, сәулет өнері, құрылыс саласындағы мамандар да көп. Ұлттық статистика бюросының мәліметі бойынша, 2021 жылы республикадан кеткендер саны 30 мыңнан астам адамды құрады. Қазақстаннан негізгі сыртқы көші-қон ағыны бағытталған елдер – Ресей, Германия, Беларусь, Өзбекстан (3-кесте).


3-кесте – Халықтың Қазақстаннан тысқары жерлерге қоныс аударуы (адам)

	2000	2005	2010	2015	2020
Барлығы	155 749	52 139	26 541	30 047	29 088
Беларусь	3 265	651	705	605	234
Өзбекстан	1 277	619	318	364	192
Ресей	108 724	38 498	23 499	25 682	25126
АҚШ	528	294	173	265	247
Германия	35 938	10 299	974	2 196	2 249
Канада	236	285	145	121	111

Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ <https://stat.gov.kz/>

М.Б. Асанбаев (Асанбаев, 2010) өзінің «Қазақстандағы ішкі көші-қон процестерін талдау» атты еңбегінде Қазақстандағы ішкі көші-қон республикадағы ішкі мәселелермен шартталған заңды құбылыс екендігін айтып өтеді.

Автор аталған мәселелердің негізгілеріне мыналарды жатқызады – ауылдардағы әлеуметтік-экономикалық мәселелер, ауыл шаруашылығының құлдырауы және ауылдарда өмірлік перспективалардың болмауы. Айтылған мәселелерге өркениеттің заманауи артықшылықтары мен мүмкіндіктерінің шектеулілігін қосуға болады – банктік несиелендіруден бастап ауыз суының тапшылығы, мектептер мен емханалардың апатты жағдайы, кәсіби кадрлардың жетіспеушілігі.



1-сурет – 2022 жылғы 1 мамырға халық саны (адам)
Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ <https://stat.gov.kz/>

ҚОРЫТЫНДЫ

Дәрісте қазіргі күннің өзекті мәселесі болып отырған көші-қон процестеріне байланысты отандық және шетелдік зерттеушілер еңбектерін теориялық шолу арқылы талдаудағы басым көзқарастарды анықтау әрекеті жасалды. Көші-қон процесінің позитивті немесе негативті тұстарын қарастыру ғылымда өзекті әрі жанжақты талдаудан өткендігі көрінеді. Позитивистік көзқарасты қолдайтын зерттеушілердің басым көпшілігі бүгінгі таңдағы көші-қон процесіндегі мигранттарды жіберетін елдердің үкіметтері көші-қон үрдісіндегі азаматтарға экономикалық тұрғыда үміт артады деген тұжырымды пайымдаса, шектелген көші-қонды қолдайтын «көші-қон пессимистері» байырғы тұрғындар арасындағы табыстың төмендеуін, жұмыссыздықтың өсуін, әлеуметтік шығыстардың көбеюін, экономикалық өсудің баяулауын, мәдени айырмашылықтардың күшеюінен туындайтын әлеуметтік шиеленістердің өсуін, санитарлықэпидемиологиялық жағдайдың нашарлауы, терроризм қаупін және т.б. жағымсыз себептерді көші-қонмен байланыстырады.